

ДИПЛОМАТИЯ: КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘРТІП НЕГІЗДЕРІ

Дипломатияның пайда болу тарихы





Ең алдымен жадымызда Елшілік қашан пайда болып, бірінші елшілер кімдер болған? деген сұрақтар пайда болады. Ерте кезде елшілік сөз атауын құдайлардың ісімен байланыстыратын. Мысалы, ол ежелгі Грекия мен Римде байқалған, орта ғасырларда, XVI ғасырда, бірінші елшілер періштелер болған деп есептелген, өйткені олар аспан мен жердің ахуалын келіссөзбен келістірген. Сайып келгенде, елшіліктің пайда болуына рулық қауым, алғашқы тайпалардың пайда болуы, алғаш азық-түлік пен тауар алмасу, аймақтық аң мен балық аулау, егіншілік жерлер мен олардың шегаралары негізінде туындаған алғаш мәселелер, қақтығысулар әсер еткен. Алғашқы қауымдық топтар пайда болған жерде, өзара қарым-қатынас мәселелері бой көтерген, осындай шиеленістер тек тайпа аралық дауларға ғана емес, тіпті үлкен қақтығыстарға да апаратын болған.

Алғашқы кездерде ондай жағдайлар күшпен шешілетін, уақыт өте келе адамдар туындаған мәселелерін жұдырық пен соғыс арқылы емес, келісімге келу арқылы шешуге болатынын түсінген. Оның үстіне бұл дауларды реттеу тек қара күші бар мықтылардың қолынан келетін, ал ол өз кезегінде, мәселені реттеп шешуге емес, оны асқындырып, жаңа терең жанжалдарға сырғытып апаратын. Дау-дамайлар бір тайпаның немесе отбасының ішінде де жиі туындайтын, бірте-бірте адамдар осы мәселелердің шешімдерін қарудың арқасында емес, ақсақалдың даналы сөздерінің күшімен табу жолдарын үйрене бастады, дәл осы ақсақалдарды бірінші дипломаттар есебінде құрметтейтін. Әрине, бұл болашақ дипломатияның тек алғашқы қадамдары еді. Дауларды реттеу кезінде келісімдер ұрықтары пайда бола бастады. Бұл «дипломатия» ғылымының туындауына әкелген жоқ, ол тек тәжірибелі дипломатия, «ақылдылыққа сүйрелейтін мағынадағы дипломатия» еді. Бұл соғысты, соның нәтижесінде әрдайым жеңіске немесе жеңіліске апаратын болжауды болдырмау әрекеті еді, яғни тағы да «примитивті тұрғыдағы дипломатияның» түрі болып саналды. Ал нағыз, қазіргі кезеңдегі бәрімізге мәлім болып келетін дипломатия, өндірістік күштердің пайда болуымен, қоғамдық дамудың арқасында, заңды нормалар мен шарттардың енуімен, сонымен қатар бұл заңдарды пайдалануымен сипатталады.

Дипломатияның кепілдігі – шыншылдықтың және адалдықтың ғана арқасында өзінің толық мүмкіндігін табады. Әрине, жоғарыдағы айтылған сөз, дипломаттың барлық карталарын ашып беру керек дегенді білдірмейді. Дипломат шындықты айта отырып, бар шындықты ақтармау керек. Ол соттағы куәгер емес, ол мемлекеттің өкілі, ал ол мемлекеттің жария етілуге жатпайтын құпиясы болуы мүмкін. Сол себептен, егер құпия ақпаратты айтудан бас тартса, дипломат сұраққа жауап бермеудің жолын іздестіргені жөн (дипломатиялық тіл бұл үшін үлкен мүмкіндіктерді береді), бірақ өтіріктен аулақ және өз сөзінен бас тартпауы керек – бұл ең басты дипломатиялық қасиеттердің бірі. Бұл ретте дипломатиядағы адалдық үкімет дәлелдерін баяндаудағы дәлдігі, дұрыстығы және осы ұстанымын баяндауда ұқыпты тұжырымдардың қолданылуын көздейді. Дипломатия – бұл негізінде: басқа дипломатқа белгілі бір сенімді ақпарат беру және оған ұқсас мәліметтер алу дегенді білдіреді.

«Дипломатия» ұғымы (грек сөзі *diploma*) – екі бүктелген бет, құжат деген мағынадан шыққан. Бұл жерде «дипломды ұстаушы» деген сөз алғашқы мағынасында қолданылып отыр, яғни провинцияларға немесе мемлекеттен тыс шетелге кетіп бара жатқан ресми тұлғаларға берілетін ұсыныс немесе сенім грамоталары. Кең мағынадағы дипломатия ұғымы – бұл халықаралық құқық субъектілерінің өкілдігі, бейбітшілік және бейбіт қатар өмір сүру, халықаралық қатынасқа қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін бейбіт жолмен қорғау жөніндегі ресми қызмет. Дипломатия – бұл халықаралық құқықта рұқсат етілетін арнайы дипломатиялық шаралар, әдістер мен тәсілдер көмегі арқылы мемлекеттің сыртқы саясатын жүзеге асырудың бір құралы. Тар мағынада дипломатия ұғымы – бұл келіссөздер жүргізу мен шарттар, келісімдер жасау шеберлігі. Осындай шеберлік қоғамның даму заңдылықтарын, халықаралық қатынас және жеке елдер тарихын, халықаралық құқық, жеке елдердің конституциялық құқықтарын, шет тілдерді зерттеп-білуге негізделгенін айту керек.

Адамзат қоғамының даму тарихында мемлекеттердің сыртқы саясат мәселерінде оның маңызды құралының бірі – дипломатия әрқашан бірінші орында келеді. Бір-бірімен жанжалдасып қалған мемлекеттердің, тұтастай халықтардың тағдыры осындай мәселелердің тиімді шешілуіне тікелей тәуелді болады. Барлық мемлекеттердегі орталық және шетелдік орган түріндегі дипломатиялық аппараттарды (Сыртқы істер министрлігі, елшіліктер, миссиялар,



консулдықтар) дипломатиялық қызметтердің негізгі жетекшісі және орындаушысы ретінде айтуға болады, оларда арнайы жасақталған және дайындалған дипломатиялық кадрлар тұрақты жұмыс істейді. Мұндай кадрлардың жұмыс жүйесі мемлекеттің дипломатиялық қызметін құрайды және ол мемлекеттік қызметтің маңызды бөлігі. Дипломатиялық аппарат – бұл мемлекеттік аппараттың бір бөлігі, оның қызметінің бағыты мен мазмұны мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси құрылымымен айқындалады.

Дипломатиялық аппаратты жетілдіру, дипломатиялық кадрларды іріктеу мен дайындауды жақсарту, дипломатияның ең озық тәжірибелерін зерттеу және пайдалану, оның ғылыми негіздерін дайындау және дамыту – халықаралық мәселелерді бейбіт жолдармен шешуге бағытталады. Сонымен бірге, бейбітшілік пен бейбіт қатар өмір сүру саясатын нығайту үшін дипломатияны қолдануға мүдделі барлық мемлекеттердің алдына қойған маңызды міндеттері. Дипломатия – бұл мемлекеттің сыртқы саясатының, халықаралық қызметінің құрамдас бір бөлігі. Сыртқы саясат дипломатияның мақсаттарымен міндеттерін айқындайды және сол арқылы іс жүзіндегі шаралар жиынтығын, сондай-ақ сыртқы саясатта қолданылатын нысандарды, құралдар мен әдістерді айқындайды. Дипломаттың өзіндік жеке көзқарастары, өз мүддесін емес, өзінің қорғауындағы мемлекеттің мүддесін білдіреді. Бұл – оның басты міндеті, мәні. Ол үшін, берген қатаң нұсқауларына сәйкес, ел мүддесін қорғаудан қымбат еш нәрсе жоқ деген ұстаным әрқашан есте сақталу керек.

Басты міндеттерінің бірі – ең алдымен халықаралық қатынастар саласындағы дипломатиялық талдау. Ол, идеологиялық немесе діни догмаларға сүйенбей (олардың объективтілігі кедергі келтіреді), ғылыми жағдайларды бағалау, білу, анықтау, елдегі бүгін және ертең орын алуы мүмкін мәселелерді анықтаудан тұрады. Екінші міндет, әрине, анағұрлым қиынырақ, ол орындалуы мүмкін барлық деректерді ескере отырып, ең алдымен, істердің жай-күйін білетін елшілікпен, кейін үкіметтік топтармен, елдегі парламент, оппозиция көшбасшыларымен, бизнесмендер, ғылым мен мәдениет өкілдерімен іскерлік байланыстар жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Дипломаттың басты міндеті:

- халықаралық қатынастар саласындағы дипломатиялық талдау;
- жағдайды ғылым негізінде бағалау;
- елдегі жағдайды нақты анықтау;
- іскерлік байланыстарды орнату.

Халықаралық қатынастар адамдардың, халықтардың және т.б. өзара әрекеттестігін көздейді. Сол себептен басты сұрақ ретінде мемлекет көшбасшылары өзге елдердің ниеттері мен болашақ іс-қимылдары жайлы қалай тұжырым жасайды? Дағдарыстар қалай пайда болады немесе керісінше қалай шешіледі деген сұрақтар туындауы мүмкін? Осы және басқа да сұрақтарға жауап беру үшін, халықаралық қатынастар және әлемдік тәртіп жүйелерін түсіну керек. Ең алдымен коммуникациялық ниет немесе алғышарт деген ұғымды меңгеруіміз қажет.

Әлеуметтік өмір ынтымақтастықты көздейтін топтарды және олардың арасындағы бәсекелестікті талап етеді. Дегенмен адамдық қарым-қатынастар өзгерді. Серіктестер, қарсыластар немесе одақтастар бола алады. Мемлекеттердің өзара ықпалдастығының дамуы үшін, кейде тіпті тұрақты өмір сүру үшін қарсыластарының немесе серіктестерінің ниет әлеуетін бағалай білу өте маңызды.

Дипломат, өз елін ұсына отырып, өз ниеті мен мүддесін білдіреді. Сондықтан барлық ниетті, сөздерді адал немесе дұрыс қырынан бірден қабылдауға болмайды. Мысалы, бір тарап немесе мемлекет екінші қарсылас мемлекет қақтығысқа дайындалуға үлгермеуі үшін, агрессияға берілмей, ешқандай амалдарды білдірмеу үшін тыныштық танытады.

Белгілі француз дипломаты Франсуа де Кальер, 1716 жылы: «қарсы мемлекет одақтастарды тауып олармен одақтасуды болдырмас үшін, соққы жылдам жасалу керек» дейді. Көптеген оқиғаларда осы стратегияны мемлекеттердің пайдаланғанын тарих біледі, мысалы Жапонияның – Перл-Харборға шабуылын немесе Израилдың – Иракқа қарсы Осирақтағы соққысын мысал ретінде қарастыруға болады. Тағы бір маңызды мәселе, мемлекет өзінің жоспарлаған агрессивті саясатын үшінші тараптан немесе тіпті өз одақтастарынан жасыруы мүмкін. Осының бір себебі: ол мемлекет ресурстарының жойылуына және бұл мемлекеттің қу-



шін жасырып, келешекте соғыста жеңіске жетуіне шарт болады. Ал осыдан туындайтын сұрақ – басқа мемлекеттің ниетін қалай тануға болады? Тәжірибе көрсеткендей, мыңжылдықтар бойы, дипломаттар мен елдердің көшбасшылары коммуникация көмегімен басқа елдердің ниеті туралы қорытындылар жасады. Бұл жерде туындайтын сұрақ: қандай тәсілмен? Талқылау, одан әрі әрекет ету, әрбір сөздерді кодтау немесе мазмұнды хабарлар алу арқылы. Белгілі коммуникативтік қызмет, хат-хабар алмасу мемлекеттер арасында ежелден бері жүргізілді. Б.з.б. XIV ғасырдағы Амарна хаттарында Мысыр фараондары және басқа да «ұлы патшалардың» арасындағы дипломатиялық хат алмасу сақталған. Басқа да дереккөздерде б.з.б. шамамен 1259 жылғы Мысыр мен Хет империяларының арасында жасалған шарттардың үлгілері бар. Мұндай маңызды дипломатиялық хат алмасулар басқа да көптеген ежелгі мәдениеттер жайлы есептеулерде кездеседі, мысалы, қытай, үнді, сондай-ақ майя мәдениеттерін қоса алғанда.

Дипломатиялық алмасу, келіссөздер және дипломатиялық хат-хабар жазысу бүгінгі күні де жалғасуда. 1817 жылы шет елдерде саны кемінде 200 дипломатиялық миссиялар болған, ал бүгін олардың саны 8 000-нан астам. Ертеректе егер елшіге елге келу үшін бірнеше ай талап етілген болса, бүгін мемлекеттік хатшы, сыртқы істер министрі, премьер-министр бірнеше рет кездесу мүмкіндігіне ие болып, тіпті телефон арқылы да хабарласып шиеленіскен жағдайларды шеше алады. Мысалы, «кеңестік ядролық зымырандарды Украинадан Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін шығару бойынша» келіссөздерді жүргізу үшін АҚШ президенті Бил Клинтон бір аптаның ішінде 6 елге іс-сапармен барды. Алдымен Брюссельде, содан кейін Прагада тоқтап, онда Орталық Еуропа көшбасшыларымен кездесті, содан кейін Киевте, экс-президенттер Ельцин- (Ресей) және (Украина) – Кравчукпен кездесіп, кейіннен Мәскеуде шарттарға қол қойды.

«Дипломат» сөзі ежелгі грек тілінен аударғанда «диплом» дегенді білдіретін ресми құжаттар (оның ішінде, қазіргі заманғы терминологиядағы ұғымдар қолданыла алады: мысалы, жеке куәлік, нұсқаулық). Ежелгі Грекия елшілері, келіссөздер арқылы нұсқаулықтар, грамоталар алып өздерінің өкілеттіктерін куәландыратын болған. Дегенмен «дипломатия» ұғымы толыққанды, біз білетіндей мағынада XVII ғасырда Англияда 1645 жылы алғаш рет қолданыла бастады. Бұл кітап тарихта болған шиеленістерді мысалға ала отырып, дипломатияға шолу түсінігін жетілдіруді және халықаралық жағдайды түсіндіреді. Бұл оқулықта әртүрлі мемлекеттің дипломатиясымен, оларға сипаттама біріледі. Оқулықтағы негізгі мәліметтер дипломаттардың шетелде жарияланған мемуарларынан, «құпиялы мөр» деп аталатын мұрағатта сақталған Британ дипломатиялық корреспонденциясынан алынған материалдар қолданылған. Коммуникация арқылы тараптар қорытынды жасап, бір-бірінің ниеттерін болжауға мүмкіндік алуы кітаптың негізгі тұжырымдамасы. Жалпы, қысқа мерзімді перспективада дипломатия әлемге қызмет етеді, алайда, кейбір жағдайларда, дипломатиялық өкілдіктер, шиеленістердің көзі ретінде де қарастырылады, егер оның саясаты, алдыға қойған мақсаты дұрыс болмаса, айтылғанға сүйене отырып, дипломатияны әрқашан әлемдік тәртіптің құралы ретінде қарастыра алмаймыз. Сонымен, дипломат қандай болуы қажет? Бұл сұрақ тек болашақ дипломаттарды ғана емес, сонымен қатар, басқа да мамандық иелерін қызықтырады. Көп бос сөйлеу, шыдамсыздық, эмоцияға қатты берілу сияқты қасиеттер дипломатқа жат нарселер. Кейде дипломатты халық, ұлттық қауіпсіздік өкілдері бойына сіңірген қасиеттермен ұштастырады. Мысалы дипломат: адамдармен жұмыс істеуді білу, оларды түсіну, шынайылық пен жалғанды ажырата білу, ұсақ-түйек нәрселерге баға беріп, оларға мән беру, сұхбат жүргізе білу секілді қасиеттерді меңгеру керек. Расында да, бұл қасиеттер барлау үшін ғана емес, дипломатқа да артық болмас қасиеттер.

Нағыз дипломат, негізінен жақсы дәрігермен салыстырылады, ол науқас адамды бірден емдеуге тырыспай, алдымен проблеманың түпнұсқасын анықтап, содан кейін ақыл мен сараптама жасау арқылы шешуге тырысады. Ағылшын дипломаты Макдермот былай деді: «келешекте ағылшын дәстүрін ұмытып, назарды келешектің тұрақты дамуына шоғырландыру керек». Жақсы дипломатта мәселені шешудің бірнеше тәсілі болу керек дейді: мәселені шешуде оң шараларды қолға алу керек, ал өз мемлекетіне пайда әкелетін кезде теріс шараларды қолға алу керек. Оның бірінші міндеті, ақпаратты іздеу, қол жеткізгеннен кейін оны сараптау, содан кейін оны өңдеп, егер оның түпнұсқасы ауыр іс-қимылдарды талап ететін болса, оны жұмсарту, кейіннен ведомстволарға ұсыну.



Дипломатиялық қатынастар туралы 1961 жылғы Вена конвенциясына сәйкес, дипломатиялық қатынастарды орнату мемлекеттер арасындағы өзара келісім бойынша жүзеге асырылады. Қандай да бір мемлекетті немесе оның үкіметін өзге бір мемлекет тарапынан мойындау мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынастар орнатуға жасалған алғашқы қадам болып саналады. Осындай тану: де-факто, яғни оның құқықтарына қатыссыз және де-юре, яғни халықаралық қатынастардағы оның бүкіл заңдық құқықтарымен және артықшылықтарымен аталмыш мемлекеттің және оның үкіметінің өмір сүру фактісінің өзін мойындау формасында болуы мүмкін. Алдын ала келіссөздер жүргізгеннен кейін (әдетте, делдалдық жасау кезінде немесе өзге мемлекеттердің дипломатиялық өкілдері арқылы), дипломатиялық қатынастар орнатылып, мемлекеттер басшылары немесе үкіметтер премьерлері (кейбір уақытта және Сыртқы істер министрлері) арасындағы хаттармен немесе телеграммалармен алмасу түрінде рәсімделеді, әрі осы хаттарда (телеграммаларда) алмасуды мемлекеттер шешетін, дипломатиялық өкілдіктер (елшіліктер, миссиялар) дәрежесі анықталады. Осыдан кейін барып, әдетте, өзара дипломатиялық өкілдер (елшілерді, дипломатиялық өкілдіктердің басшыларын) тағайындау көзделеді. Елшіні (дипломатиялық өкілдіктің басшысын) тағайындаудың ел алдында елші (дипломатиялық өкілдіктің басшысы) тағайындалатын ел үкіметінің келісімі (агреман) сұратылуы халықаралық тәжірибеде жалпыға бірдей қабылданған.

«Осыған орай елшінің жеке қасиеттері, мінез-құлқы, оның харизмасы шешуші рөл атқарады», – дейді Макдермот. Олардың міндеті екі жақты, бірінші өз мемлекетінің талаптарын көрсетуде нақты позицияда болу және ымыраға келу үшін екінші жақты да сендіру.

Психологиялық тұрғыдан дипломатқа сай келетін мінездемелерді саралауға болады. Психологтар адамның мінез-құлқын 4 типке бөледі. Оның екеуі – сангвиникалық және меланхоликтік – олар дипломатқа сай келмейді. Мәселен, сангвиникалық мінез былай сипатталады: психикалық процестер жылдам жүреді, мимикасы жедел, көңіл күйдің тез және жеңіл ауысуы.

Меланхолик

Бұл темперамент өкілінде психикалық процестер өте баяу жүреді. Қатты тітіркендіргіштерге жауап бере алмайды, ұзақ және қатты күш түсірсе, олар жұмыс істей алмайды. Олар өте тез шаршайды. Бірақ қалыпты қоршаған ортада, мысалы, үйде өздерін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоциялары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді. Олар өте сезімтал, реніштерін іште сақтап, ойға тез беріледі, бірақ қиыншылықтар бар екенін ешкімге көрсетпейді. Дипломат мамандығына қолайлы және сай келетін мінез-құлық типтері көбінесе холерикалық және флегматикалық та кездеседі.

Холерик

Бұл темперамент өкілі тездігімен, шапшаңдығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Оларда психикалық процестер шапшаң жүреді. Күйгелектік сондай адамдарға тән. Ол жұмыс істеуде жақсы қарқынмен кіріседі.

Флегматик

Бұл типтің өкілі баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланып, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. Психикалық процестер флегматикте баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау, тез ойланып жауап беру. Кейде флегматиктер жамандықты есте сақтап қалады және ұзақ мерзімде жадында ұстайды. Адамдармен қарым-қатынаста флегматик бірқалыпты, байыпты, керек жерде тіл табысады, орынсыз сөйлемейді.



Жоғарыда аталған мінездемелік типтер ғылыми абстаркцияға жатады, кейде бір типте екінші немесе үшінші типтің мінез-құлығы кездеседі, сол себептен дипломатқа тән сипат ол аралас сипат – әрбір типтен алынған типтерден тұрады.

Адам өзіне тән белгілі бір сипатымен туады ма әлде, ол тәрбиенің нәтижесі ме? Психологтарда бірыңғай тұрғыдағы жауап жоқ. Ең кең таралған пікір адамның мінезіне түрлі факторлар әсер етеді – тұқым қуалаушылық, тәрбие және оның қызметі. Мысалы, ұстамдылық, егер ол сіздердің бойларыңыздан табылмаса, уақыт өте келе, қызмет бабыңыздың есесінен сіз осындай сипаттарды бойыңызға сіңіресіз. Ол заманның талаптары. Ұстамдылық – бұл дипломаттардың міндетті сапасы.

Осы дәрісті жалғастыра отырып ,дәрменсіздік жайлы айтып кетукен жөн. Гарольд Никольсон былай деп жазған: Дәрменсіздік тым субъективті көзқарастарды туғызады. Дәрменсіздік – абайсыз қозғалыстың, іс-әрекеттердің және әдепсіздіктің тамыры. Барлық дипломаттардың кемшілігі олардың дәрменсіздігінің артуында – ол ең кең тараған және ең зиянды жетіспеушілік және тағы да бір мәселе, дипломаттарға аса маңызды нәрсе – ол шаманы білу: барлық сөйлеген сөздерінде, хаттарда, құжаттарда және әрекеттерінде. Жеті рет өлшеп, бір рет кес – бұл мақал көбіне мінсіз дипломатқа айтылған сөз секілді.